

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ**



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(2024 жылы оқуға қабылданушыларға арналған)

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B023 Тілдер және әдебиет

Бағдарлама атауы: 6B02306 – Аударма ісі

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері) / СБШ (Салалалық біліктілік шеңбері) / ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «6B02306 – Аударма ісі» Білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры







Кредиттердің жалпы көлемі: 242 кредит / 242 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл





АЛМАТЫ, 2024

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы


Әзірлеушілер:

Аты-жөні	Қызметі мен ғылыми дәрежесі	Қолы
Г.К. Рысбаева	ф.ғ.д.	
Б.Р. Кульбекова	п.ғ.к.	
Қ.А. Қыдырбаев	PhD доктор	
Ш.Т. Бактиярова	магистр, аға оқытушы	
Т.С. Айтбаева	ЖК "Translate" директоры	
Е.Алпысбаева	Білім алушы	

Сарапшылар:

Аты-жөні	Қызметі	Қолы
М. Махмет	Академиялық мәселелер департаментінің директоры	
Ш.А. Адилбаева	Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі	
Ш.Т. Керім	Әбу-Ханифа ғылыми-зерттеу орталығының директоры, фил.ғ.д., проф.	
Ш.А. Хамраева	PhD доктор	

Білім беру бағдарламасы Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды. Хаттама № «8» наурыз 2024ж.

Кафедра меңгерушісі Г.К. Рысбаева 

Тілдер және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама №8 «27» наурыз 2024ж.

Факультет төрағасы Мұхаммад аш-Шаххат әл-Жинди 

Академиялық комитет мәжілісінде талқыланды және мақұлданды

Хаттама №8 «29» наурыз 2024ж.

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмаганбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 9 «29» наурыз 2024ж.

АУДАРМА ІСІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«БВ02306-Аударма ісі» мамандығы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы әлемдегі заманауи білімге ие, ЖОО-ның білім беру және ғылыми жүйеде аударма пәндерінің оқытушыларын және аудармашыларын кәсіптік іс-әрекетін тиімді жүзеге асыруға қабілетті, еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыра алатын, жалпы мәдени кәсіптік және пәндік құзыреттілікке оларды іске асыру дағдыларына ие жоғары біліктілікті мамандарды дайындауға бағытталған, заманауи түрлі дереккөздерді еркін пайдаланып, жүйелей алатын, мемлекеттік, әлемдік жағдаяттардан хабардар, өз ойын еркін жеткізе алатын, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан гуманитарлық мамандарды дайындауға бағытталған. Білімгердің толыққанды тұлға ретінде қалыптасу үшін маңызды болған түрлі білім салаларын қамтып, хабарлар болуына және оны іс-жүзінде қолдана білуіне ықпал етеді.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Аударма ісі» білім беру бағдарламасын игеріп, бакалавр дәрежесін алған білім алушы жалпы білім беру мамандандырылған ауызша және жазбаша аударма негізінде мәдениет пен тілдердің өкілдері арасында халықаралық, қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірдің түрлі салаларында өзара түсінушілікті қамтамасыз ету, мемлекеттік және жеке мекемелер, арнайы шетел тілдері курстарында, елшіліктер мен өкілдіктер, туризм жөніндегі агенттіктер, аударма бюролары және т.б. кез келген салада қызмет атқара алатын құзыретті маман болып шығады. Халықаралық қатынастар саласындағы болашақ мамандар үшін тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін үштілді оқытуды оқу үрдісінде қолдана алатын білікті мамандарға сұраныс жоғары болып отыр. Заманауи білім беру технологияларын жаңғырту талаптарын қанағаттандыратын әдістемелік тәсілдерді, оқыту әдістерін түсіндіретін қазіргі заманғы білім беру технологияларын оқытуда қолдана алатын жан-жақты білімді маман болуы керек. Бұл білім беру бағдарламасын меңгеріп шыққан білім алушы, қазіргі кезеңдегі жұмыс берушілердің басты талаптарына жауап бере алатын білікті маман атанады. Сондықтан түлектердің жұмыспен қамтамасыз етілуі қоғам талабына, еңбек нарығының сұранысына сай өте жоғары көрсеткіштерге жетеді. Білім бакалавры жалпы және орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беру саласында аударма ісі саласында кәсіби қызметін жүзеге асырады, оның шеңберінде жеке тұлғаның дамуы аудармашы арқылы қамтамасыз етіледі.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Кәсіби білімін, білігін бүгінгі аударма ісі саласында тиімді қолдана алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлау.

Негізгі құзыреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынандай негізгі құзыреттіліктерді меңгеріп шығады:

1. С1 деңгейінде әр түрлі коммуникативтік жағдайларда сөйлеу әрекеттерінің барлық түрлерінде (жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу) оқытылатын шет тілдерін еркін меңгеру;
2. Синхронды-диахроникалық, тілдік-мәдени және методологиялық аспектілерде оқытылатын шет тілдерін білу; гуманитарлық ғылымдарының теориялық негіздерін білу;
3. Дәстүрлі және инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әртүрлі стильдер мен жанрлар мәтіндерінде филологиялық талдау жүргізу;
4. Лингвистикалық сараптама, мәтінді редакциялау және т.б қабілеттерді меңгеру.

5. Тілдерді оқыту мен ғылыми-зерттеу қызметіндегі тәжірибеде дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолдану;
6. Ғаламдық мультимәдени әлемде өмір сүруге қабілетті әмбебап құндылықтарға бағдарланған тұлғаны тәрбиелеу;
7. Студенттердің рухани, моральдық құндылықтары мен патриоттық сенімдерін қалыптастыру;
8. Топпен жұмыс істеу мүмкіндігі; кәсіби қызметпен байланысты мәселелерді шешу үшін шығармашылық ойлауға және жаңа идеяларды ұсынуға;
9. Қақтығыстың жағдайын бейбіт жолмен алдын-алу және шешу жолдарын білу;
10. Заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру және оларды кәсіби қызметінде қолдану.

Оқыту нәтижелері (ОН)

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

1. Ағылшын және араб тілдерімен еркін жұмыс істеуге және оның интеллектуалды, көркем шығармалары мен жаңа да қырларын білуге мүмкіндік беретіндей деңгейде меңгеру; ағылшын және араб тілдерінде еркін сөйлесе алу; әдеби мәтіндерді аударуда тілдік дағдыны дұрыс және орнымен қолдану.
2. Аударма ісі мамандығы саласында ауызша аударманың маңыздылығы арқылы ой-сананы дамыту; ауызша аударма техникаларында біршама ілгері деңгейге ие болу; ілеспелі аудармаға қатысты жаттығулар орындау және әртүрлі диалектілерге машықтану.
3. Дыбыстарды әртүрлі реңктерде дұрыс дыбыстау; фонетика теорияларын жалаң және аффрикат (күрделі) дыбыстарды талдауға қолдану; студенттердегі тілдік сезімді дамыту; ағылшын және араб тілдерінде сөйлеуге байланысты құбылыстар арқылы екпін мен сөйлеу әуезі бойынша студенттердің тілдік түйсігін дамыту.
4. Ағылшын және араб тілдерінің дыбыстық жүйесін терең меңгеру, бұл оның дыбыстарын дұрыс айтуға көмектеседі; ағылшын және араб тілдеріндегі кейбір лексикалар, терминдер, стильдер мен тіркестерді игеру; ағылшын және араб тілдерінің негізгі тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын еркін меңгеру.
5. Әртүрлі грамматикалық формалардың айырмашылығын түсіну және көмекші құралдар мен грамматикалық формалардың қызметін білу; мәтіндерді түсіну және оларға талдау жасау, сондай-ақ играбтың мағынаға әсерін түсіну дағдыларына жаттығу жасау.
6. Ауызша және жазбаша аударма салаларында әртүрлі мәтіндерді аудару кезінде грамматикалық және морфологиялық ережелерді қолдану.
7. Қазақ және орыс тілдерінен араб және ағылшын тіліне және керісінше аударма дағдыларын меңгеру; жазбаша және ауызша кәсіби аударма дағдыларын білу. Кәсіби бағытталған мәтінді түсіндіруге, мамандық бойынша терминдерді пайдаланып, кәсіби қарым-қатынастағы проблеманы дайындалмаған пікірлерімен жеткізуге қабілетті қазақ (орыс) және ағылшын (араб) тілдерінде жазбаша және ауызша.
8. Қазақ және орыс тілдерінен араб тіліне және керісінше құқық саласындағы мамандандырылған аударма дағдыларын меңгеру; аударманың әртүрлі салаларындағы мәтіндерге грамматикалық және морфологиялық ережелерді қолдану. Лингвистикалық терминологияларды үйренеді, тілдік құбылыстарды анықтай алады. Өз бетімен тіл білімі саласында әдебиеттерді оқып, саралай алады.
9. Мамандандырылған құқық және дипломатия салаларындағы аударма дағдыларын меңгеру.
10. Сыбайлас жемқорлық көріністері туралы білімі және оған қарсы мәдениетін қалыптастырады.
11. Ғылым дамуының негізгі кезеңдерін білу; жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін қолдану; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін педагогикалық қызметке енгізу.
12. Құран оқу ережелерін жетік меңгеру, нақты сүрелерді жатқа білу. Аударма ісі бойынша теория және практиканы ұштастыра отырып, ауызша және жазбаша аударма біліктілігін

қалыптастырады. Аударма салаларында әртүрлі мәтіндерді аудару кезінде грамматикалық және морфологиялық ережелерді қолдану.

13. Оқып жатырған шетел тілі халықтарының тарихы мен өркениетін білу, алған білімін болашақта мамандықты игеруде, анализ жасауда қолдану.

14. Әлеуметтік ортада тұтас тұлғаны қалыптастыруға және жеке тұлғаның жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін білімді көрсете білу; қоғамдық қауіпсіздік әдістерін қолдана білу.

15. Діндер дамуының ортақ заңдылықтарын айқындап, негіздей алу және дін саласындағы әртүрлі мәліметтерге талдау жасай алу. Діни мәтіндер мен Құран Кәрімді аудару дағдыларын дамыту.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

Модуль атауы	Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы	Қалыптастырылатын күзiреттiлiктер	Оқыту әдiстерi
Жалпы бiлiм беретiн пәндер модулi	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихының негiзгi тарихи фактiлерi мен оқиғаларын бiлу және олардың ерекшелiктерiне (анализ) талдау жасау; тарихи құбылыстарды түсiндiру және Қазақстан тарихының әртүрлi кезеңдерi бойынша бiлiмдi жүйелеу; Қазақстан тарихының гуманитарлық бiлiм жүйесiндегi және түркi өркениетiнiң дамуындағы рөлiн түсiну; Қазiргi тарих ғылымының жетiстiктерiн салыстыра отырып, архив құжаттары мен материалдарды талдау; Қазақстан тарихының үдерiстерi мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру; тәуелсiз Қазақстан тарихындағы тарихи оқиғаларды салыстыру және қазiргi әлемнiң қауiп-қатерлерiне талдау жасау; Жаңашылдықтардың өзiндiк ерекшелiгiн бiлу және қазақстандық даму жолына талдау жасау; Жаңа Қазақстандағы өзгерiстердiң мәнiн түсiну және ҚР даму болашағын болжау.	Оқытушылар және бiлiмгерлер жағынан оқуға рефлекстiк тәсiлге негiзделген бiлiмгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивтi дәрiс (мәселелiк дәрiс, пiкiрталастық дәрiс, дәрiс-конференция, дәрiс-кеңес) секiлдi әдiстер қолданылады.
	Шетел тiлi	Ғылыми әдебиеттердi талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тiлдiк материалдарды пайдалануға қабiлеттi болады. Маман ретiнде адам өмiрiне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдердi дұрыс қолдана бiледi; сауатты, мәдениеттi сөйлей алатындай дәрежеге жетедi; сөйлеу дағдысын одан әрi жетiлдiрiп, кез келген жағдаятта пiкiрiн, ойын еркiн жеткiзе алады.	Грамматикалық аударма; Тiкелей-қатынас әдiсi; Коммуникативтiк; Жобалау, Интерактивтi; Шығармашылық; Проблемалық әдiс-тәсiлдер арқылы оқыту жүргiзiледi.

Қазақ (орыс) тілі	Лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабілетті болады. Пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауды; өз көзқарасын білдіруді; оны дәлелді түрде қорғауды; әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауды игереді.	Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады.
Дене шынықтыру	Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді. Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады.	Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады
Философия	Пәнді игеру барысында ізденуші өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады. Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі.
Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады; нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады. Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады.	Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексивті тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады.
Әлеуметтану	Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді;	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің

Әлеуметтік-саясаттану және сыбайлас жемқорлық пен күрес		базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады.	белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
	Саясаттану	Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады. Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі.	
	Мәдениеттану	Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді. Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті мәселелерді айқындайды.	
	Психология	Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді. Адами тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады.	
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет	Бұл пәннің негізгі міндеті сыбайлас жемқорлық процесін әлеуметтік құбылыс ретінде талдау, оның себептерін анықтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және тоқтату жолдарын табу болып табылады. Пән сыбайлас жемқорлықтың пайда болу және таралу тетіктері, оның әлеуметтік, экономикалық және саяси салдары сияқты аспектілерді зерделейді. Осы пәнді оқыту барысында студенттер сыбайлас жемқорлық процестерін талдау және бағалау әдістерін, сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың түрлі нысандары мен әдістерін меңгереді.	Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады.
Базалық шетел тілінің практикалық курсы -1	Бұл пән студенттерді таңдалған шет тілі (ағылшын/араб) негіздерімен таныстыруға бағытталған. Пәнді оқу барысында студенттер бастапқы деңгейде қарым-қатынас жасау	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс	

Тілдік және практикалық базаны қалыптастыру		<p>үшін қажетті базалық лексика мен грамматикалық құрылымдарды зерделейді.</p> <p>Курс сөйлесім, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығуларды қамтиды. Бұл пәннің мақсаты студенттерде қарапайым тақырыптарда (өздері турады, отбасы, жұмыс, хобби, саяхат және т.б.) сөйлесуге және қарапайым сөйлесім айналымдарын түсінуге мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті дамыту болып табылады.</p>	стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.
	Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 2	<p>Аталған курс таңдалған шет тілін (ағылшын/араб) бастапқы білімі бар және өздерінің коммуникативтік дағдыларын жақсартқысы келетін студенттер үшін әзірленген. Студенттер өз ойлары мен идеяларын шет тілінде білдіруді, сондай-ақ осы тілдегі ақпаратты түсінуді және қабылдауды үйренеді. Курс студенттерге сөздік қорын тереңдетуге және кеңейтуге, сондай-ақ грамматикалық ережелерді түсіну мен қолдануды жақсартуға көмектесетін түрлі сабақтар мен тапсырмалардан тұрады. Негізгі назар ауызша сөйлеуді дамытуға, сондай-ақ тыңдалым және жазу дағдыларын дамытуға аударылады.</p>	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.
	Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 3	<p>Курс студенттерге тілді қолдануда өмірлік тәжірибе мен сенімділік алуға, сондай-ақ өздерінің сөздік қоры мен грамматикалық дағдыларын кеңейтуге көмектеседі. Курс аясында студенттер негізгі лексика мен грамматиканы, мерекелер мен дәстүрлер, сол шет тілі (ағылшын/араб) қолданылатын елдің мәдениеті мен тарихын зерделейді. Сондай-ақ студенттер мүдделері мен</p>	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.

		қажеттіліктеріне қарай аударма техникасы немесе іскерлік коммуникация сияқты арнайы мақсатқа арналған шет тілін үйрене алады. Курс барысында студенттер эссе жазу немесе диалог құру, шет тіліндегі талқылаулар мен рөлдік ойындарға қатысу сияқты түрлі тапсырмаларды орындайды.	
Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 4	Курс студенттерге өз сөздік қорын кеңейтуге, сондай-ақ грамматикалық ережелерді түсіну мен қолдануды жақсартуға көмектесетін түрлі сабақтар мен тапсырмалардан тұрады. Негізгі назар ауызша сөйлеуді дамытуға аударылады, онда студенттер өз ойлары мен идеяларын шет тілінде білдіруді үйренеді. Курста топтық пікірталастар, рөлдік ойындар, аутентті материалдарды тыңдау, эссе немесе хат жазу және студенттерге өз дағдыларын практикада қолдануға мүмкіндік беретін өзге де тапсырмалар бар.	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.	
Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 5	Базалық шетел тілінің практикалық курсы-5 пәні студенттің ағылшын және араб тілдерін меңгеру дағдыларын жалғастырушы деңгейге сәйкес қалыптастырады. Алдыңғы деңгейге қарағанда күрделірек мәтіндерді түсіне алады және шетел тілін оқуда, кәсібінде және ғылымда қолдана алады. Пән аясында студенттерге шет тілінде өз ойларын жеткізуге және өз ұстанымдарын дәлелдеуге үйретуге көмектесетін түрлі рөлдік ойындар, дебаттар мен пікірталастар өткізіледі.	Грамматикалық құбылыстардың білу, зерттеу субъектілерінің ішінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас негіздері практикалық шеберлігін қамтамасыз ету дағдысын үйренеді. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады.	

	<p>Оқу практикасы</p>	<p>Оқу практикасы - бұл тиісті білім беру бағдарламасына сәйкес студенттің аудармашы ретіндегі практикалық іс-әрекетінің бір түрі. Оқу практикасы тағылымдамасы кезінде студенттер өмірдің әртүрлі салаларында мәдениетаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдік делдал ретінде аудармашының кәсіби қызметімен және міндеттерімен танысады; аударма процесінде коммуникативтік әсерге қол жеткізу үшін аударма практикасында әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолданумен танысады; олар ақпараттық және іздеу іс-әрекетіне қабілеттілігін дамытады, әртүрлі стильдер мен жанрлардағы аударма мәтіндерін аудару мен өңдеудің кәсіби дағдыларын жетілдіреді.</p>	<p>Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.</p>
	<p>Екінші шетел тілінің практикалық курсы – 1</p>	<p>Бұл пән оқытылатын ағылшын және араб тілдерінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгеруге, шетел тілі елі халықтарының мәдениетімен танысуға, сол тілде сөйлейтін өкілдермен жеке, кәсіби, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға қарым-қатынас жасай білуге, сөйлеу және тілдік құзыреттілікті меңгеру және жетілдіруге, медиатекстер мен кәсіби әдебиеттерді оқу және түсіне білуге, алдын-ала дайындықпен және дайындықсыз коммуникация жүргізу үшін жеткілікті мөлшердегі сөздік қорды қалыптастыруға бағытталған.</p>	<p>Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.</p>
	<p>Екінші шетел тілінің практикалық курсы – 3</p>	<p>Бұл пән студентке ағылшын және араб тілдерінің грамматикалық құрылымы туралы түсінік береді, сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлемдерді дұрыс</p>	<p>Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар</p>

		<p>құрауға үйретеді. Оқу нәтижесінде студенттер, грамматикалық категорияларды және шетел тілінде ауызша және жазбаша сөйлеуді үйренудегі грамматиканың рөлі мен қызметі туралы ұғым қалыптасады, морфологиялық, синтаксистік талдау жасай алады, ана тілінің грамматикалық құрылымын оқытылатын шетел тілінің грамматикалық құрылымымен салыстырып, ажырата алады.</p>	<p>және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.</p>
<p>Исламтану негіздері</p>	<p>Құран Кәрім</p>	<p>Бұл пән студенттердің Құран Кәрімді түпнұсқадан әуезді оқуға оқу қабілеттілігін қалыптастырады. Құранды тәжүид қағидаларына сәйкес оқуды игереді. Құран тарихынмен бірге құрандағы Меккелік және Мәдиналық аяттардың ерекшеліктерін оқып үйренеді. Студенттер алған білімдері мен дағдыларын әртүрлі кәсіби аймақтарда мәселен, ислами зерттемелерде, діни жұмыс орындарда немесе оқу орындарында, мәдениаралық қатынастар мен дінаралық диалогтар жүргізілгенде қолдана алады.</p>	<p>Аудио-видео материалдары, топпен жұмыс жасау, теориялық курсты оқытуда синхронды әдістері негізге алынады.</p>
	<p>Ислам теологиясы</p>	<p>"Ислам теологиясы" пәні ислам дінінің негіздерін, тарихи контекстті, мұсылмандардың қасиетті кітабын, исламның негізгі ілімдерін, исламдағы этика мен моральды, Ислам құқығын, Ислам философиясын зерттеу мен түсіндіруді, әртүрлі мазхабтардың пайда болуын және олардың сенімдерін зерттейді; Жаратушының сыртқы сипаттамасы; пайғамбарлық институт; әлемнің пайда болуы. Ислам теологиясы мен сунниттік мектептердің негізін қалаушы ғалымдардың еңбектерінің орны сипатталған, исламның заманауи мәселелері қарастырылған.</p>	<p>Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.</p>

Зерттеу әдістері	Зерттеу әдістері	<p>Бұл курста студент ғылыми зерттеуді жүргізуге қажет әдістерді қолдануды меңгереді. Студенттер зерттеу жұмысын қалыптастыруға, зерттеу мәселелерін анықтауға, зерттемені жоспарлауға, қажетті мәліметтерді жинау мен сұрыптауға және өз тұжырымдарын жасауға зейін қояды. Студенттер өз зерттеуге негізі бар мәселелерді сыни тұрғыда бағалауды үйренеді. Алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде көрсете алады. Сонымен қатар, өз зерттемелерін жүргізіп, диплом жұмыстарында нәтижелерін жарыққа шығара алады.</p>	<p>Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық іс- әрекет барысында, сұрақ-жауап, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.</p>
	Өндірістік практика-1	<p>Өндірістік практика - студенттерге немесе бастаушы аудармашыларға аударма саласында шынайы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Өндірістік тәжірибе барысында аудармашы тәжірибелі аудармашының немесе аударма агенттігінің басшылығымен жұмыс істей алады және әртүрлі тақырыптар мен жанрлардың мәтіндерін аудару, аудармаларды редакциялау және түзету, мазмұнды бейімдеу және локализациялау және т. б. сияқты әртүрлі аударма тапсырмаларын орындай алады. Ол сондай-ақ студенттер мен жас мамандарға өздерінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге, жұмыстағы қалауларын анықтауға және аударма саласында мансабын құруға көмектеседі.</p>	<p>Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникатив-тік әдістер қолданылады.</p>
	Тіл біліміне кіріспе	<p>Аталған пән студенттерді тіл туралы ғылымның негізгі мәселелерімен, тілдік талдаудың әдіснамасы мен әдістерімен таныстырады, жалпы лингвистикалық құзыреттілікті, кәсіби лингвистикалық</p>	<p>Сабақта білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық, кейс- стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылады.</p>

		<p>дүниетанымды қалыптастырады, тілді жүйелі құбылыс ретінде ұғынуға ықпал етеді, студент лингвистикалық терминологияны меңгереді, лингвистикалық әдебиетті өз бетінше зерделеу үшін қажетті білім беруді қамтамасыз етеді, “Жалпы тіл білімі”, “Тіл тарихы” сияқты болашақта оқытылатын жалпы лингвистикалық пәндерді меңгеруге қажетті білім беруге бағытталады.</p>	<p>Екі тілдегі мақал-мәтелдер, ғибратты сөйлемдер мен сөз тіркестеріне әдет-ғұрып пен жалпы мәдениет аралық ұқсастықтарына талдау жасайды.</p>
<p>Базалық және екінші шетел тілінің практикалық курсы</p>	<p>Екінші шетел тілінің практикалық курсы-2 // Оқытылатын шетел тілімен байланысты елдер өркениеті</p>	<p>Бұл пәннің мақсаты студенттерді сөйлеу мәдениеті негіздеріне, атап айтқанда ағылшын және араб тілдерінің орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық нормасына үйрету, коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру, лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени және прагматикалық құзыреттілікті дамыту, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игеру, топта жұмыс істеу қабілеті дамыту, әлеуметтік, этникалық және мәдени құндылықтарды толерантты қабылдауын қарастыру. // Бұл пән тіл тарихын, негізгі тарихи оқиғаларды, саяси жүйені, экономиканы, географиялық орналасуды зерттеуге бағытталған. Білім алушылар мәтінге тілдік талдау жасай алады, оқытылатын тілдің диалектілерін ажырата алады, оқытылатын тіл елінің әртүрлі дәстүрлері мен мәдениеттерін салыстыра және талдай алады, осылайша бұл пән білім алушыларға оқытылатын тілдің елі туралы оның дәстүрі мен мәдениетінің призмасы арқылы</p>	<p>Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады. // Бұл пән тілдік және терминдік ұғымдары, мәдениет, мұра және өркениет ұғымдары, араб ислам өркениетінің ерекшеліктері, оның негіздері және оны алдыңғы өркениеттермен араластыратын факторлар мен оның қасиеттері қарастырылады. Содан кейін араб-ислам өркениетіндегі саяси, әскери, басқару және экономикалық жүйе және ондағы болған өзгерістер мен араб ислам өркениеті халықтар арасындағы мәдени байланыс көпірлерін құрудағы ролі зерттеледі.</p>

		толық және жан-жақты пікір қалыптастыруға көмектеседі.	
Екінші шетел тілінің практикалық курсы – 4 // Екінші шетел тілі грамматикасы (бастапқы деңгей)	Коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру: әр түрлі стильде және коммуникативті жағдайларда ағылшын және араб тілдерінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеудің этикалық ережелерін сақтай отырып, монологтік сөйлеудің негізгі формаларын білу және түсіну, кәсіби жазудың негізгі түрлерін білу, қарым-қатынастың ұлттық және шет тілдік мәдениетін игеру, студенттің күнделікті және кәсіби қарым-қатынасқа түсуде коммуникативтілік қабілеттілік таныту. // Бұл курс студенттің қажетті морфологиялық мәселелерді және олардың тіл білімі деңгейлерімен: фонетикалық, грамматикалық, лексико-семантикалық байланыстарын зерттеуге қажетті зерттеу дағдыларын дамытуға, сонымен қатар студенттің тілдік материалды морфологиялық тұрғыдан талдау қабілетін дамытуға бағытталған. Студент лексиканың түрін, мағынасы мен қызметі жағынан әр түрін ажырата алу үшін зат есім мен етістіктің септеу және жіктеу сияқты қазіргі лингвистикалық зерттеулердің нәтижелері туралы түсінік қалыптастырады.	Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады. // Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.	
Екінші шетел тілінің практикалық курсы – 5 // Екінші шетел тілі грамматикасы (жалғастырушы деңгей)	Екінші шетел тілінің практикалық курсы-бұл жақсы деңгейде тілді меңгерген және өз дағдыларын жетілдіруге және тілді меңгерудің жоғары деңгейіне жетуге ұмтылатын студенттерге арналған жетілдірілген курс. Бұл курс студенттер тілді шынайы деңгейде қолдануда барынша практикалық дағдыларға ие болатындай етіп жасалған. Ол C1	Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық іс- әрекет барысында, сұрақ-жауап, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.	

		<p>деңгейінде сөйлеу, есту, оқу және жазу дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі тапсырмалар мен жаттығуларды қамтиды. Осы курстан өткен студенттер С1 деңгейінде грамматика, лексика және стилистиканы тереңірек зерттеуге мүмкіндік алады. Бұл курстың соңында студент өз көзқарасын әртүрлі өзекті мәселелердің бірімен және артықшылықтарымен түсіндіре алады. Күрделі грамматикалық қағидалар формаларын мысал келтіре отырып практикадағы қолданысын ұсынуға қабілетті болады.</p>	
		<p>Оқытылатын екінші шетел тіліндегі сөйлемдерге кешенді талдау жасау арқылы тілдік дағдысын дамыту. Сонымен қатар бастапқы деңгейдегі тілдік дағдыларға грамматикалық тұрғыдан практика жасау. Білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдарды жан-жақты қарастыра алатын болады, базалық деңгейде алынған білімді шындайды, тілдік білімдер жүйесін меңгеріп шығады. Грамматиканы кәсіби деңгейде қолдана алуға және қатесіз сөйлеуге дағдыланады.</p>	<p>Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық іс- әрекет барысында, сұрақ-жауап, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.</p>

	<p>Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 6 // Кәсіби бағытталған шетел тілі</p>	<p>Курстың мақсаты студенттердің неғұрлым күрделі және жоғары деңгейлі тақырыптар бойынша қарым-қатынас стратегияларын дамыту болып табылады. Олар әртүрлі лексика мен грамматиканы қолдана отырып, өз ойлары мен пікірлерін дәлірек айтуды үйренеді. Бұл курс студенттің естігендерінің немесе оқығандарының көпшілігін оңай түсіну қабілетін дамытуға бағытталған ағылшын және араб тілдеріндегі түпнұсқа мәтіндердің кең ауқымын қарастырады. Ең қиын жағдайларда да мағынаны дәл көрсете білу және студенттерге күнделікті өмірде де, жұмыс саласында да пайдалы шет тілінде сенімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Бұл курс оларға сауатты және жақсы коммуникатор болуға көмектеседі.</p> <p>//</p> <p>Кәсіби бағытталған шетел тілін үйренудің негізгі мақсаты - студенттің кәсіби коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру: әр түрлі стильде және коммуникативті жағдайларда ағылшын және араб тілдерінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеудің этикалық ережелерін сақтай отырып, монологиялық сөйлеудің негізгі формаларын білу және түсіну, кәсіби жазудың негізгі түрлерін білу, қарым-қатынастың ұлттық және шетел тілдік мәдениетін игеру, студенттің күнделікті және кәсіби қарым-қатынасқа түсуде коммуникативтілік қабілеттілік таныту.</p>	<p>Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық іс- әрекет барысында, сұрақ-жауап, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.</p> <p>//</p> <p>Шет тілін үйрету барысында сапалы білім алып, тиянақты теориялық, іс тәжірибелік, дүниетанымдық, шығармашылық іс- әрекет барысында, сұрақ-жауап, топтық, жұптық жұмыстар жүргізіледі.</p>
--	---	--	---

	<p>Базалық шетел тілінің практикалық курсы – 7 // Арнайы мақсаттағы шетел тілі</p>	<p>Пәнді игеру нәтижесінде студент болашақ қызметінің түрлі салаларында лексикалық, грамматикалық минимумдарды С2 деңгейінде ұстанып, лексика, сөзжасам үлгілерін, көпмағыналы сөздердің мәнмәтіндік мағынасын меңгеріп шығады. Шетел тілін қолдануға мүмкіндік беретін коммуникативті құзіреттілікті жасай алу қабілетін қалыптастырады; мәтінге стилистикалық, семиотикалық, лингвистикалық талдау жүргізуді үйреніп, шет тіліндегі сөзжасамдық ерекшеліктерді ажырата алатын болады. // Бұл пән студенттердің коммуникативті-мәдениетаралық және кәсіби аударма құзыреттерін қалыптастыруды жетілдіруге бағытталған. Пәнді оқу барысында келесі негізгі міндеттер атқарылады: кәсіби және ғылыми қызметте ағылшын тілін қолдану үшін қажетті және жеткілікті сөйлеу, тіл және елтану құзыреттілігін одан әрі дамыту; шынайы әдеби көздермен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; ғылыми, іскерлік және кәсіби ағылшын тілінің терминологиясын зерделеуді жалғастыру; мәтіндердің әртүрлі түрлерін, оның ішінде ғылыми мәтіндерді аудару.</p>	<p>Пәнді жүргізу барысында инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады. // Пәнді жүргізу барысында инновациялық әдіс-тәсілдер негізге алынады.</p>
--	--	---	---

<p>Әдебиет және шешендік өнер</p>	<p>Әдебиеттануға кіріспе // Көркем әдебиет аудармасы</p>	<p>Бұл пәннің мақсаты студенттерге әдебиет, оның тарихы, әртүрлі әдеби жанрлар мен стильдер туралы білім беру және әдеби шығармаларды талдау және түсіндіру жолдарын көрсету. Бұл пәнді оқу барысында студенттер белгілі әдебиеттанушы ғалымдардың шығармаларымен танысып, әр дәуірдегі, әр жанрдағы классикалық шығармаларды оқып, талдап, сыни тұрғыдан оқу, талдау дағдыларын дамытады. Әдебиеттануға кіріспе болашақта әдебиетті оқуды жоспарлағандар үшін маңызды алғашқы қадам болып табылады. Бұл пән студенттерге әдеби шығармаларды оқу және талдау үшін қажетті мәдени түсінік пен аналитикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. // Бұл курс студенттердің көркем мәтіндерді ағылшын және араб тілдеріне аудару туралы хабардарлығын арттырады, оларды поэзия, әңгіме, роман және театр сияқты әртүрлі әдеби жанрларды аударуға үйретеді, талдауға, түсіндіруге, бағалауға және сынға баса назар аударады, сонымен қатар әртүрлі лингвомәдени және әдеби аударма мәселелерін шешуге назар аударады, мысалы әдеби жанрлардың айырмашылығы ретінде. Көркем әдебиеттің аудармасын оқитын студенттер түпнұсқа мәтіндерді талдап, олардың мағынасын, стилі мен эстетикалық ерекшеліктерін басқа тілге аударуды үйренеді. Олар аударманың әртүрлі тәсілдерін, соның ішінде әдеби-стилистикалық талдауды, мәтіндерді бейімдеуді және локализациялауды, мәдени контекст пен авторлық дауысты сақтауды зерттейді.</p>	<p>Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады. // Оқыту барысында тілді меңгерудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады.</p>
--	--	--	---

